

**Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

**Мектептің әлеуметтік педагогы жұмысы 2023-2024 оқу жылы
Әлеуметтік педагогтың жұмысының есебі**

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық – педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару,салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарын енгізетін ұсыныстар жасау.

Жұмыс объектісі – оқушылар , олардың ата-аналары және отбасылары.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқтатылатын болсақ :

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты

**«Ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі» КММ-гі мектептің әлеуметтік
паспорты 2023-2024 оқу жыл**

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
	Барлық оқушылар	882	100%
	Отбасы түрі бойынша:		
1	Толық отбасылар	250	28 %
2	Толық емес отбасылар	40	4 %
3	Анасы жоқ балалар	2 ұл	0,5 %
4	Әкесі жоқ балалар	15	1 %
5	Көп балалы отбасы	200 / 575	65 %
6	Аз қамтамасыз етілген отбасы	20/42	1.5 %
7	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	2	
8	Мүгедек балалар мүмкіндігі шектеулі балалар Үйден оқитын оқушылар	Отбасы 19 Отбасы 5	1,7 % 0,4 %
9	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	
10	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	
11	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепке тұрғандар	1	
12	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	1	
13	Ата-аналарының білімі		
14	Жоғары , жоғары білімнен кейінгі	60 отбасы	17 %
15	Техника және кәсіптік	125 отбасы	35 %
16	Ариауды орта	172 отбасы	48 %

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі , өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық материалдық көмек көрсету және консультациялар беру.

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді.

Тамыз – қыркүйек айында оқушылардың құжаттарын тексеріп, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар саны, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Барлық аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар саны 42 көп балалы отбасының саны 200, балаларының саны 568 ге жетті.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №598 бұйрығына қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтарды ұсыну» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартын басшылыққа алып, аталған бұйрықтың 9 тармағында көрсетілген құжаттар көп балалы отбасынан шыққан балаларға, аз қамтылған отбасынан шыққан балалар жинақталды. Әлеуметтік педагогтың номенклатурасы қайта қаралып реттелді. Ата –аналарға құжаттардың жетпеген түрлерін қайта жинақтау үшін құжаттар тізімі берілді. Қазіргі кезде мектебімізде көп балалы және аз қамтылған отбасылардан құжат бойынша 812 оқушы білім атуда. Олардың ата-анасынан айырылған, қорғанышылықтағы және қамқоршылықтағы бала жоқ, толық емес отбасы яғни асыраушысынан айырылған 17, жалғыз басты ана отбасынан шыққан 18 оқушы, аз қамтылған отбасынан шыққан бала саны 42, көп балалы 568 болды.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту проблемаларына жұртшылықтың және тұрғындардың назарын аударту, «Қамқорлық» кеңес мүшелерімен біріге отырып акция өткізілді. «Қамқорлық» кеңес мүшелері жұмысының мақсаты: біріншай педагогикалық ұстаным негізінде оқыту мен тәрбие беруде педагогикалық ұжым мен қамқорлық – қатынасын ұйымдастыру, кешен оқу- тәрбие жұмысының материалдық – техникалық базасын нығайтуға көмектесу.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазіргі қоғамымыз әлеуметтік – рухани дағдарысты басынан кешіруде. Конвенция мазмұны негізгі 4 талап қояды, баланың өмір сүру құқығы, баланы қорғау дамуына жағдай жасау, қоғамдық өмірге белсене аралау құқығын құрметтеу. Негізгі басымдық баланы қайсыбір себептер болмасын кемсітпеу.

Осыған орай біздің мектебімізде 2023-2024 оқу жылында оқушыларды әлеуметтік қолдау мақсатында Қыркүйек айынан бастап мектепте қамқорлық кеңес жұмысы жалғастырылып, материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау жұмысы жүргізілді.

Акцияның мақсаты: - әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көп балалы, тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балаларға әлеуметтік көмек көрсету, оқумен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу, сонымен қатар әлеуметтік себептер (киімдерінің, аяқ киімдерінің мектеп құралдарының жоқтығы) бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу.

Жалпы оқыту жөніндегі айлық және «Мектепке жол» «Қайырымдылық» қамқорлық акциялары ұйымдастырылып, жетім, жартылай жетім, және отбасылық жағдайы төмен аз қамтылған жанұяның балаларының үй- тұрмысымен танысу актісі жасалып, мұқтаж балаларға көмек көрсетілді. Мектепке қамтылмай қалған бала жоқ. Оларға тегін оқулықтар, мектепке керекті құрал- жабдықтар, киім –кешектер таратылды және тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпандағы №173 қаулысына сәйкес мектептегі әлеуметтік көмек алуға құқығы бар оқушылардың барлығы мектеп кітапханасының кітаптар қорынан оқулықтармен қамтамасыз етілді.

2023 жылдың 1- Қыркүйегінен бастап ыстық тамақпен мектеп асханасынан 1-4 сынып бойынша 357 7-10 сыныптар арасында әлеуметтік картаға тіркелген АСП) алатын, әр түрлі санаттағы отбасы ата-аналарынан 28 оқушының ата-анасынан өтініш қабылданып, осы санаттағы жалпы саны 385 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Оқушының құжаттары сынып жетекшілер арқылы заң аясында толық жинақталып, мектеп директорына тізімі ұсынылып, бұйрық бойынша бекітілді.

2024 жыл сәуір айынан бастап ыстық тамақпен мектеп асханасынан 1-4 сынып бойынша 373 7-10 сыныптар арасында әлеуметтік картаға тіркелген АСП) алатын, әр түрлі санаттағы отбасы ата-аналарынан 28 оқушының ата-анасынан өтініш қабылданып 1-4 сыныптар арасында басқа мектептен ауысып келген оқушыларға жеке бұйрықтар шығарылып бастауын

373 оқушы бастауыш 5-10 сынып 28 жалпы саны 401 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Оқушының құжаттары сынып жетекшілер арқылы заң аясында толық жинақталып, мектеп директорына тізімі ұсынылып бұйрық бойынша бекітілді.

2023 жыл қазан айында Созақ аудандық СЭС және емхана, мектеп мейірбикелерімен бірлесіп Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру тақырыбы толық қанды жылжымалы тақта арқылы түсіндірілді.




Ботулизм тамақтану алудың алдын алу кезеңінен үзінді.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау, адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттерін қалыптастыру негізінде 2023 жылы қараша айында «Бала құқығы – асыл қазынам» тақырыбында пікір талас сабағы өтіліп түсіндірме жұмысы жүргізілді.



«Бала құқығы – асыл қазынам» сабақ кезеңінен.

Отбасылық қарым қатынас» тақырыбында бастауыш сынып жетекшілерімен байланысып «Өмір ағашы. Менің шежіремнің тарихы» тақырыбында сабақ өткізілді.



«Өмір ағашы. Менің шежіремнің тарихы» түсіндіру кезеңі мен салынған суреттен

Жаны жабыркаулы, отбасында берекесі жоқ кикілжің дау- дамайдан арыла алмай жүргеннің алдын алу мақсатында Мектеп психологы, кітапханашы, аудандық ішкі істер бөлімінің инспекторы әлеуметтік педагогт бірлесіп «Қатыгездік пен зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» дөңгелек стол ұйымдастырылып өткізілді.

Жасөспірімдердің арасында заң бұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектеп әкімшілігі құқық қорғау органдарымен тығыз байланыста жұмыс атқарды. Педагог-ұйымдастырушы оқушыларға құқықтық тәрбие беруге көп көмек көрсетіп, түрлі іс-шаралар ұйымдастырып өткізуге әрқашан көмек көрсетіп отырды.

Құқықтық мәдениет деңгейін арттыру және азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Аштарханов Р.Әлімбекова, ішкі істер бөлімінің инспекторлар, әлеуметтік педагог Х.Аюбекова, мектеп психологы С.Тасболатова және мектептің тарих пәнінің мұғалімдері Р.Қожабекова, Ж.Әбілхайырова, және сынып жетекшілері оқушыларға құқықтық тәрбие беріп отырды.



Созақ аудандық ішкі істер бөлімінің инспекторлары оқушылармен құқықтық кеңес беру кезеңі.

2024 жылы сәуір айында «Тамақтан уланудың алдын алу» «Дұрыс тамақтана біл» тақырыбында СЭС және аудандық емхан қызметкерлерімен бірлесіп кең көлемде дөңгелек үстел ұйымдастырып түсіндірме жұмысы жүргізілді. Мектеп оқушылары белсене қатысып, оқушалар ойларында жүрген сұрақ жауаптарын қойып іс-шара тартымды өтті.



Тамақтан уланудың алдын алу» «Дұрыс тамақтана біл» семинар сабақ кезеңі.

«Мектепке жол» акциясынан 5 балаға киім кешек, 5 бала Аманат партиясынан оқу құралдары мен сумка беілді. Демеуші есебінен 2023 жыл 14-30 тамыз аралығында жеке демеушілер есебінен 15 оқушыға мектепке ұстайтын сумка және оқу құрал- жабдыктары және киім кешек, қаржылай көмек көрсетілді.

2023 жылы қазан айында «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында 6 сынып оқушыларымен ұйымдастырумен тәрбие сағаты өткізілді.



«Қарттарым асыл қазынам» Қарт аналарды қамқоршылық кеңес төрайымының құттықтау кезеңі

2023 жыл 10 желтоқсан айы мүгедектер күніне орай үйден оқитын оқушыларға «Қайырымды ауыл» тақырыбында шағын тәрбие сағаты берілді.

2023 жыл желтоқсан айында қамқорлыққа алынған Жұмашова Дилназ бен Ясмينا және үйде оқитын оқушылардың үйіне зерттеу жұмысы жүргізілді.

Әлеуметтік педагог Х.Аюбекова 4 сынып жетекшісімен бірлесе отырып «Жүрек жылуы – балаларға» атты тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты : Оқушылардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұйымдарын қалыптастыру. Оқушылардың мейірімді сөздер айту қабілеттерін арттыру, кішіпейілдікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу болып табылады. Оқушылардың мейірімді сөздер айту қабілеттерін арттыру, кішіпейілдікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу болып табылады. Тәрбие сабағы тренинг арқылы басталып, оқушылар өз ойларын ашық айтып, жылы жүректі адам қандай болады, жақсы сөз айту, жақсылыққа жатама? деген сұрақтарға жауап қайтарып белсене араласып отырды.



Оқушылар қойылған көрмемен танысу кезеңі

Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы - жомарттық, кенпейілдік, мейірімділікті оқушы бойына ұялату мақсатында сыныптар арасында түрлі іс-шаралар өткізілді. Жомарт болу - өзінде барды әр адаммен шын жүректен бөлісу. «Жылуы жоқ үйден без, қайырымы жоқ биден без», - дегендей қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, көкірегі қаюулы, жаны жаралы жанның жасын сүртіп, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемін ұсынып, достық пейілдерін танытуға үлес қоса білуге атсалысқан «Қолғабыс» тобының сынып аралық жәрменке ұйымдастыруымен тұрмысы төмен, отбасы балаларына қаржылай және жалғыз басты қарттарға азық-түлікпен қол жәрдем берумен көмек көрсетілді. Қайырымды істер жасау арқылы балалардың ризашылығы пен алғыстарын ала отырып, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамытуға тәрбиелеу Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін орта мектебінде жалғасын таба білді.

Жалпы айтқанда, мектепте әлеуметтік көмек алатын оқушылардың барлығына толық қамқорлық жасалынып, оларға қажетті психологиялық, педагогикалық және материалдық жағдай жасалынды.

Созақ ауданы әкімінің Жаңа - жылдық шырша мерекесімен мектептің 11 оқушы барып қатысты және демеуші есебінен аз қамтылған, жартылай жетім, көп балалы отбасынан шыққан 50 оқушыға жаңа - жылдық сыйлықтар берілді.

Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектепте 2023-2024 оқу жылында тегін ыстық тамақ ұйымдастыру туралы ақпарат

Баланың денсаулығын, оның физикалық және ақыл-ой дамуын анықтайтын негізгі бағыттардың бірі-жас ұрпақтың сапалы тамақтануын ұйымдастыру. Мектепте барлық оқушыларға ыстық тамақ беру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жалпыға міндетті оқу қоры есебінен тегін тамақтануға құқығы бар аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан балалар, жетім балалар әкімшілік пен мұғалімдердің ерекше бақылауында. Барлық мектеп оқушылары тамақтану кестесіне сәйкес үшінші және төртінші сабақтардан кейін 15 минуттық үзіліс кезінде тамақтанады. Бастауыш мектеп пен Ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны 401. Оның ішінде 1-4 сынып 100% қамтылған .5-10 сынып аралығында 25% қамтылған мемлекеттік атаулы көмек алатын жартылай жетім көп балалы отбасы балалары тегін ыстық тамақпен қамтылған. Ыстық тамақтың құны жас ерекшеліктеріне қарай бағаланып бөлінеді.

Мектепте ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізіледі. ата-аналар жиналыстарында балаларға арналған ыстық тамақтың қажеттілігі түсіндіріледі. 1-4 сынып оқушылары асханаға сынып жетекшілерімен келеді және асханаға кезекші мұғалімдерде бақылап тұрады.



Оқушылардың тамақтануының жалпы көлемі 100% құрайды. Асхананы жалға алушы Жеке кәсіпкер Е.Әбілпаттаев болып табылады. Жеткізушілер мен мектеп арасында

келісімшарттар жасалды. Сапа сертификаттары бар, өнімнің жарамдылық мерзімі сақталады. Тамақтану залында ас мәзірі ілінеді, онда тағамдардың атауы, өнімнің шығуы көрсетіледі. Асхана кестесі және сынып бойынша тамақтану кестесі бар.

Мектеп асханасы таза және жайлы. Санитарлық жағдайы нормаларға сәйкес келеді. Азық-түлікті сақтаудың температуралық режимі сақталады. Құжаттама тәртіппен. Күн сайын бракераж журналы жүргізіледі. Тез бұзылатын өнімдерді әкелу тапсырыстың есебі бойынша жүргізіледі. Өнімдерді сақтау санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Ас блогы персоналының медициналық кітапшалары нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келеді. Мектеп бойынша 2023-2024 оқу жылына "оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру туралы" бұйрық бар.

Медбике ай сайын бракераж комиссиясының актілерін жасайды, асханада әкімшілік пен мұғалімдердің кезекшілік кестесі бар. Тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесі директор жанындағы жиналыстарда қаралады.

Аз қамтылған және қорғалмаған отбасылардан шыққан балалар жалпай оқыту қорының қаражаты есебінен тамақтанады. Бүгінгі күні мектептің 401 оқушысы тегін тамақтанады.

Шағымдар мен ұсыныстар кітабы асханада ілулі тұр.

Асхананың санитарлық жағдайы қанағаттанарлық, жуу және дез қаражат жеткілікті мөлшерде. Техникалық жабдықтар мен жинау мүкәммалын таңбалау сақталады. Ас блогының жабдығы бар (2 Тоңазытқыш және 1 мұздатқыш, электр плиталары, тот баспайтын бидондар, үздіксіз қыздыруға арналған бактар). Пышақтарды, тақталарды, шикі, пісірілген өнімдерге арналған үстелдерді таңбалау бар. Қойма үй-жайларында тауар көршілестігі сақталады. Жуу бөлмесінде ыдыс жууға арналған нұсқаулық бар. Асхана 100 орынға есептелген.

Мектепте ұйымдастырылған тамақтандырумен қатар буфет жұмыс жасайды. Мұнда әр түрлі пісірілген тағамдар мен әр алуан шырындар сатылады. Мектептегі **ауыл су режимін** ұйымдастыру да аса маңызды мәселелердің бірі. Мектеп асханасы толықтай қажетті ыдыс-аяқпен жабдықталған. Оның тазалығына баса назар аударылады. Жуу мен залалсыздандыру барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі, ең жақсы залалсыздандыру құралдары пайдаланылады. Мектептегі жұмыс жасаған уақыт ішінде асхананың кінәсінен асқазан-ішек жұтпасымен ауыру жағдайлары болған жоқ. Асханаға кіреберісте оқушылардың қолын жууға арналған арнайы орын бар. Дайындалған тағамдардың сыртқы түріне баса назар аударылады, сол себепті біздің аспаздар оған аса мән береді. Асханада үй жағдайындай жайлылық пен жылу сезінуге болады. Осылардың барлығы тамақтануға қосымша қолайлы жағдай жасайды.

Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру жүйесінің міндеттері келесідей:

- оқушыларды толық ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
- тағамның нәрлілігі мен үйлесімділігін қадағалау;
- оқушыларға салауатты өмір салты ұстанымдарын үйрету;
- жағымды дағдыларды қалыптастырып, салауатты өмір салтына қажеттілікті қалыптастыру;
- тамақтану мәдениеті мен өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру;

Аталмыш міндеттердің шешімін табу үшін бірқатар қызметкерлер жұмылдырылған, олар ең алдымен асхана жұмыскерлері болып табылады.

Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 "бұйрығын басшылыққа ала отырып асхана режимі қолға алынып отырады.

- қолды сабынмен жууға арналған қолжуғыштар оның ішінде арнайы бір реттік салфеткалар тұрады.
- асхананы толтыру тамақтану залының отыратын орындарының жобалық қуатының 100%
- орындықтарды орналастыру үстелдер мен келушілер арасында ара-қашықтықты қамтамасыз етуді ескере отырып жүргізіледі.

Сапалы теңгерімді тамақтануды ұйымдастыру үшін мектеп асханасын жалға алушымен ыстық тамақтың жас ерекшелігіне баға саясаты бойынша Меморандум жасалды және Қазақ тамақтану академиясының ұсынымдары, "білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары негізінде жасалған бірыңғай 4 апталық перспективалық мәзір әзірленді.

ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының негізінде қала мектептерінде ата-аналар комитеті, мектеп әкімшілігі өкілдерінің және білім беру ұйымының медицина қызметкерінің қатысуымен тамақтану сапасына мониторинг жүргізу бойынша комиссия құрылды. Осы комиссияның төрағасы білім беру мекемесінің басшысы болып табылады. Комиссияның міндетіне түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына, тоназытқыш-технологиялық жабдықтардың ақаусыздығына мониторингті жүзеге асыру, өнімдер мен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарын сақтау кіреді.

Асхананың санитарлық-гигиеналық тазалығы, ас сапасы және асхана кезекшілігінің дұрыс атқарылуы бойынша бұйрықпен бекітілі, ай сайын комиссия мүшелері тексеру жүргізіп, АКТ толтырылады. Тамақтанатын оқушы күнделікті журналға белгіленеді. Арнайы бекітілген екі апталық ас мәзіріне сәйкес оқушылар тамақтанады. Үнемі асханадағы азық-түлік сапасы, сақталу мерзімі, күнделікті ас мәзірінің кестеге сәйкестігі қадағаланады. Тегін тамақ ішетін оқушылардың құжаттары жинақталып папка жасақалды. Асхана ішінде тегін тамақ ішетін оқушылардың тізімі ілініп қойылған.